МОЙЫНҚҰМ ТАҢЫ

МОЙЫНҚҰМ АУДАНДЫҚ ГАЗЕТІ

№80 (6965) сейсенбі 24 қазан 2023 жыл

ГАЗЕТ 1965 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН БАСТАП ШЫҒАДЫ moinkum-tani.kz moinkum_tani@mail.ru

Республика күні 25 қазан

ПРЕЗИДЕНТ

ПРЕЗИДЕНТ МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРИЯЛЫҚ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК ЖӨНІНДЕГІ ЖАhАНДЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Медициналық-санитариялық алғашқы көмек (МСАК) жөніндегі Алматы декларациясының қабылданғанына 45 жыл және Астана декларациясына 5 жыл толуына орай ұйымдастырылған жаhандық конференцияның пленарлық отырысына қатысты.

Мемлекет басшысы конференция қатысушыларына ілтипат білдіре отырып, денсаулық сақтау және медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетудің халықаралық жүйесін жетілдіру ісінде Алматы және Астана декларацияларының маңызы зор екенін атап өтті.

– Осыдан 45 жыл бұрын медициналық-санитариялық алғашқы көмектің әлеуметтік тұрғыда әділетті моделіне негіз болған Алматы декларациясы қабылданды. Бұл декларация әлемдік денсаулық сақтаудың Ұлы Хартиясына айналып, көптеген елдің халық денсаулығын жақсарту үшін шара қабылдауына, оны адамның іргелі құқығы ретінде мойындауына түрткі болды. Алматы декларациясы біраз елде ана мен бала өлімінің деңгейін жүйелі түрде төмендету, болжамды өмір сүру жасын ұзарту үшін шешуші рөл атқарды. Бүгінде көптеген елде ұлттық денсаулық сақтау жүйесі жолға қойылған. Онда медициналық-санитариялық алғашқы көмекке айрықша мән беріледі. Бұл бес жыл бұрын қол қойылған Астана декларациясында нақтыланады, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, МСАК жүйесі эпидемияның алғашқы белгілерін анықтау және тосын сын-қатерлерге қарсы әрекет ету ісінде маңызды рөл атқарады. Мемлекет басшысы қоғамдық денсаулық сақтау ұйымдары өздерінің орнықтылығын және туындаған жағдайға тез бейімделе алатынын көрсеткеніне назар аударды. Президент адамзаттың COVID пандемиясын еңсеруіне үлес қосқаны үшін барлық медицина қызметкеріне алғыс айтты.

Бұл ретте, Президенттің пікірінше, барлық ықтимал қауіп-қатерді ескере отырып, денсаулық сақтау жүйесі кез келген күрделі жағдайға әрдайым дайын болуы үшін оған қолдау көрсету керек. Ауру-сырқаудың белгілерін бастапқы кезеңінде анықтау және тосын сын-қатерлерге дер кезінде назар аудару үшін әлеуетті арттыра беру қажет.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі денсаулық сақтау жүйесін дамыту бағытында жүзеге асырылып жатқан шараларға арнайы тоқталды.

– Елімізде барлық баланы профилактикалық медициналық тексеруден өткізу ісі жолға қойылған. Әрбір ірі елді мекенде жастардың денсаулық орталықтары жұмыс істейді деуге болады. Жыл сайын үш миллионға жуық ересек адам скрининг және кәсіби тексеру бағдарламасынан өтеді. Ауыл тұрғындарының медициналық қызмет алуына бірдей мүмкіндік жасау үшін біз бірқатар реформа жүргіздік. Нәтижесінде, 2018 жылдан бастап ауылдардағы алғашқы көмек көрсету пункттерінің саны 3 еседен астам көбейді. Сонымен қатар телемедицина және қашықтан мониторинг жасау сияқты цифрлық технологиялар белсенді түрде енгізіліп жатыр. Бұл алғашқы медициналық көмектің қолжетімділігін айтарлықтай арттырады,–деді Мемлекет басшысы.

Президент сөзін қорытындылай келе, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының қолдауымен Мемлекеттердің медициналық-санитариялық алғашқы көмек жөніндегі коалициясын құруды ұсынды. Бұл бірлестік денсаулық сақтау және аурудың алдын алу қағидаттарын одан әрі ілгерілетуге, медициналық-санитарлық алғашқы көмекті дамыту жөніндегі бірлескен ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету саласын, жалпы денсаулық сақтау жүйесін одан әрі дамытуда жастарға зор сенім артатынын атап өтті. Мемлекет басшысы жастармен кездескен сайын спортпен шұғылданудың маңыздылығы туралы айтатынын еске салып, оларды еңбекқор және мақсаттарына адал болуға шақырды.

Сонымен қатар конференцияның пленарлық отырысында ДДҰ Бас директоры Тедрос Адханом Гебрейесус, ДДҰ-ның Еуропадағы өңірлік бюросының басшысы Ханс Клюге, Земмельвайс медицина университетінің (Мажарстан) деканы Миклош Шочка, Торонто денсаулық сақтау жүйесі университеті МСАК Серіктестік кеңсесі жаhандық бөлімінің жетекшісі Кэтрин Руло сөз сөйледі.

AKORDA.KZ.

АУДАН ӘКІМІ ӘЛИХАН БАЛҚЫБЕКОВТІҢ РЕСПУБЛИКА КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді 25 қазан-Республика күнімен құттықтаймын!

Бұл күн Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданып, ел тәуелсіздігіне жасаған алғашқы қадамы еді.

Дәуіріміздің шежірелі жылдарында үлкен жетістіктерге жеткізген ұлы күш – елдің бекем бірлігі. Баянды болашаққа бет алған тәуелсіз Қазақстан Республикасы-ортақ жетістігіміз, ортақ мақтанышымыз. Азаматтық, тәуелсіздік, егемендік кез-келген ұлт үшін ең қымбат мұра, қасиетті ұғым десек, біздің халқымыз үшін бабалардың асыл арманының орындалған сәті. Осы күннен бастап Қазақстан әлемдік тарих бетінде Тәуелсіз ел ретіндегі жаңа парақтарын бастады. Қазіргідей алмағайып заманда бізге ең басты керегі – елдің тыныштығы. 13 жылдан соң, 25 қазан-Республика күні қайта бекітіліп, Президент тиісті заңға қол қойды.

Бүгінде татулықты ту еткен бейбіт халқымыздың бағындырған белестері, алған асулары жетерлік. Рухы биік, намысы берік бабаларымыздың ғасырлар бойғы асыл мұраты – азаттықты аялау, тағдыры ортақ тұтас халқымыздың татулығын сақтау біздің басты міндетіміз болып табылады.

Бүгінгі мерейлі мереке күні барша мойынқұмдықтарға мықты денсаулық, отбастарыңызға амандық, шаңырақтарыңызға шаттық, бақ-береке тілеймін. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, бірлігіміз баянды, еліміз еңселі болсын.

ПОЗДРАВЛЕНИЕ АКИМА РАЙОНА АЛИХАНА БАЛХЫБЕКОВА С ДНЕМ РЕСПУБЛИКИ

Уважаемые жители района!

Поздравляю вас с Днем Республики, который мы отмечаем 25 октября! Этот день стал для нас первым шагом к независимости страны, когда была принята декларация о суверенитете Казахстана. Великая сила, благодаря которой мы добились больших успехов в летописные годы нашей эры, – это крепкое единство страны. Независимая Республика Казахстан, идущая в светлое будущее – это наш общий успех, наша общая гордость. Гражданство, независимость, суверенитет – самое дорогое наследие для любой нации, священное понятие, а для нашего народа – момент исполнения благородной мечты предков. С этого дня Казахстан начал новые страницы в мировой истории как независимая страна. В наше время главное, что нам нужно – это спокойствие страны. Спустя 13 лет Президент подписал соответствующий закон и заново утвердил 25 октября Днем Республики. Сегодня у нашего возродившегося народа есть свои достижения, свои знаменательные победы. Нашей главной задачей является сохранение мира и взаимопонимания народа, с которым у нас общая судьба и бережное отношение к многовековым благородным идеалам наших высоконравственных и уважаемых предков. В этот праздничный день желаю всем мойынкумцам крепкого здоровья, семейного благополучия, счастья и благоденствия. Пусть наша независимость будет пьедесталом, единство будет сплоченным, наша страна будет сильной и процветающей!

ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУ

ТҰЛПАРСАЗДА АУЫЛЫМ

Өткен жұма күні аудан әкімдігінің қолдауымен, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен аудандық мәдениет үйінде 25 қазан-Республика күні қарсаңында ақын-композитор, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі Садық Құнанбаевтың әндерін орындаушылар арасында «Тұлпарсазда ауылым» атты облыстық байқау өтті. Байқау талаптарына сәйкес облыс, аудандарынан барлығы 18-35 жас аралығындағы 11 өнерпаз қатысты.

Байқау мақсаты - композитордың әндерін келер ұрпаққа насихаттап, дәріптеу, сазгер әндері арқылы елдің рухын биіктетіп, қазақ эстрадасының жаңа жарық жұлдыздарын іздестіру және оларға қолдау көрсету болып табылды.

Алдымен құттықтау сөз сөйлеген аудан әкімінің орынбасары Сәбит Төлегенов Садық Құнанбаевтың кіндік қаны тамған Мойынқұм өңіріне 200-ге тарта жыр жауhарларын арнағанын тілге тиек етіп, шығармашылығына тоқтала келе, байқауға қатысушы өнерпаздарға сәттілік тіледі.

Әділқазылар алқасының төрағасы, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, К.Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармониясы, «Тараз» триосының әншісі Асылхан Шүңіреков, әділқазылар алқасының мүшелері, Е.Хасанғалиев атындағы IV Халықаралық «Атамекен» конкурсының лауреаты Ардақ Құнанбаева, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, «Тараз» триосының әншісі Ержан Ыдырысов, Мойынқұм аудандық мәдениет үйінің директоры Мейіржан Сейділдаевтар үміткерлердің орындаушылық шеберлігіне, дауыс мәнері мен кеңдігіне, сахна мәдениеті мен киім үлгісіне, әннің өңделуі мен жазылу сапасына және ән мәтінінің дұрыстығына қарап бағалады.

Тартысты өткен байқау нәтижесінде тараздық Ақерке Құрбан бас жүлдені иеленсе (500000 теңге), мойынқұмдық Қияш Бақытжан 1 - орын (400000 теңге), мойынқұмдық Ербол Жиренше 2-орын (300000 теңге), байзақтық Саламат Молдабаев 3-орынды (200000 теңге) иеленіп, ақшалай сыйлықтармен дипломдар табыс етілді. Байқауға қатысқан үміткерлер 50 мың теңгелік ақшалай сыйлықтар мен Алғыс хаттарға ие болды.

Байқау соңында жиналған қауым әуезді әсем әндер тыңдап, көңілді тарқады.

Алуа ҮМБЕТҚҰЛОВА, «Мойынқұм таңы».

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес елімізде спортты дамытуға, спорттық инфрақұрылымның балаларға барынша қолжетімділігін қамтамасыз етуге көңіл бөлінуде.

АҚБАҚАЙДА КІШІ ФУТБОЛ АЛАҢЫ АШЫЛДЫ

Осы ретте Республика күніне байланысты ауданымыздың Ақбақай ауылында кіші футбол алаңының ашылу салтанаты өтті.

Тұрғындардың қуанышын бөлісуге Мойынқұм аудандық мәслихатының депутаты, аудандық аналар кеңесінің төрайымы Ғалия Шубаева арнайы барды.

-Сіздерді кіші футбол алаңының ашылуымен құттықтаймын! Халқымыз ежелден денсаулықтың қадірін жете түсініп, оны басты байлыққа балаған. Осы қағиданы берік ұстанған мемлекетіміз ел халқының ойы сергек, дені сау болуы үшін қолда бар мүмкіндіктің барлығын жасауда» - дей келе, Ақбақай ауылы аудан орталығынан ең шалғай орналасқан ауыл болғанымен, жастардың болашағы үшін аудандық бюджеттен қаржы қаралғанын айтып, ауыл халқын Республика күнімен құттықтады.

Бұдан кейін ауыл әкімі Марат Белгімбаев футбол алаңының пайдалануға берілуін ауыл жастары асыға күткенін және аудандық бюджеттен 13,8 мың теңге қаржы қаралып, мердігер жұмыстарды сапалы жүргізіп, уақытылы аяқтағанын айтты.

Жалпы ауданда жыл басынан бері Мыңарал және Ұланбел ауылдарында демеушілер есебінен 2 футбол алаңдары ел игілігіне берілген. Енді жыл соңына дейін спорттың дамуына жағдай жасау мақсатында тағы 3 ауылда кіші футбол алаңы ашылады деп жоспарлануда.

Салтанатты іс-шара барысында Ақбақай ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы А. Мырзабеков жиналған қауымды айтулы мерекемен құттықтап, елімізге тыныштық пен бейбіт өмір тілеп, ақ батасын берді.

Ашылу рәсімінің соңы аудандық мәдениет үйінің дайындаған ән шашуы мен ауыл жастарының футбол ойынына ұласты.

–Ауылдың ажарына футбол алаңдары сән қосары сөзсіз. Бұл өз кезегінде балалар мен жасөспірімдердің спортпен шұғылдануына, бос уақытын тиімді пайдалануына мүмкіндік бермек. Республика күні қарсаңында пайдалануға берілген кіші футбол алаңы ауыл тұрғындарының қуанышын еселей түскені анық.

Әсіресе, футболды жақсы көретін біздер үшін бұл тамаша сыйлық болды. Осындай мүмкіндік жасаған аудан басшыларына үлкен рақмет, – дейді ауыл жастары.

Алуа ҮМБЕТҚҰЛОВА, «Мойынқұм таңы».

ТАРИХИ ҚАДАМНЫҢ СИМВОЛЫ

Біраз жылдан бері тойланбай келе жатқан Республика күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысымен мәртебесі қайтарылып, өткен жылдан бастап қайта тойлана бастады.

Республика күнін тек біздің ел ғана емес әлемнің көптеген мемлекеті атап өтеді. Тәуелсіздігіміздің кірпішін қалап берген бұл күнді мереке етіп өткізу қазақ халқының қуанышы деп білем.

Сондықтан 25 қазан жай ғана мейрам емес, бұл символдық түрде маңыздылығы болуы тиіс күн. Ол символ біздің тұтастығымызды, территориялық мызғымастығымызды білдіруі керек. Мектептерде оқушыларды патриотизмге, ұлтжандылыққа тәрбиелейтін шаралар өткені дұрыс. Мереке күні Туымызға тік тұрып қарап, Әнұранымызды шырқаған да жөн. Оған дейін мектептерде апталық ұйымдастырып, оқушыларға Республика күнін насихаттайтын, мерекенің маңыздылығы мен мәні туралы шығармалар жазғызып, байқаулар өткізуге де болады. Жалпы, «Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек» деп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай бұл мереке елдігімізді білдіретіндей айшықты түрде аталып өтсе деймін.

Манарбек КӨШКІМБАЕВ, «AMANAT» партиясы аудандық филиалының төрағасы.

РЕСПУБЛИКА КҮНІМЕН, ҚҰТТЫҚТАЙМЫН ЕЛІМДІ, БАЙРАҒЫМЫЗ ЖЕЛБІРЕП, БИІК ЕТСІН СЕНІМДІ

РЕСПУБЛИКА КҮНІ – ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ

Республика күнін сан ғасырлар бойы бабаларымыз аңсап, найзаның ұшымен, білектің күшімен тәуелсіздікке қол жеткізді. Он үш жылдан кейін қайта оралған мереке бүгінгі күн барша қазақ елі үшін қуанышты жайт.

Республика күні – нағыз қазақтың кеудесі қуанышқа толы болатын, халықтың думандатып тойлайтын, мерекелік көңіл-күй орнайтын айтулы күн.

Елім деп еңіреп, жұртым деп жан қиған қазағымыз ежелден еркіндікті аңсаған. Сондықтан қазірге дейін Қазақстан көптеген қиындық жолдардан өтті деуге болады, себебі өзінің егемендігін, тәуелсіздігін жариялау үшін қаншама қаракөз апаларымыз, боздақ бозбала ағаларымыз кеудесін оққа тосты, жан кешті. Осы уақыттан кейін Қазақстан әлемде жеке дара дербес ел екенін дәлелдей білді. Өзінің белгіленген шекарасы, діні мен тілі, мемлекеттік рәміздері мен ұлттық құндылықтары, мәдениеті мен салт-дәстүрі бар тәуелсіз зайырлы елге айналды.

Тарихымыз шежіреге толы, қазақтың байтақ даласында Менделеев кестесіндегі 99 элементтердің барлығы орналасқан. Қазір жерімізде ынтымағы жарасқан өзге ұлт өкілдері тұрады. Дүниежүзі елдерімен достығымыз жарасқан, бірлігіміз біте қайнасқан. Құшағымыз қай кезде де айқара ашық. Қазақтың кең байтақ жері – қандай кең болса, көңілі де – дархан даланың кеңдігіндей!

Қазақстан тәуелсіз мемлекет болып алға шыққаннан кейін, өзіміздің Туымыз, Елтаңбамыз, Әнұранымыз бекітілді. Осы қасиетті белгілердің мәнін, Республика мерекесін бүгінгі және болашақ ұрпақ жіті түсініп, бағалай білуі қажет. Бұрынғы тарихты парақтасақ, ұғатынымыз әлі де білетініміз көп- ақ. Әйтсе де өткен күн тарих болып қалары хақ. Тек соны жас ұрпақ санасына құя біліп, дәріптесек құба-құп!

Жұманазар КӨДЕКОВ,
аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

ЕЛ ТАРИХЫНДАҒЫ ТАҢДАУЛЫ КҮН

Баршаңызды егемен еліміздің Ұлттық мерекесі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Республика күні - елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек» - деп атап көрсетті. Әлемдік тарих толқынында өзін Тәуелсіз ел ретінде орнықтырғаннан бергі уақытта татулықты Ту еткен бейбіт халқымыздың бағындырған белестері, әлемнің озық елдерінің қатарына ұмтылған жетістіктері мол.

Қоғамдық келісім мен бірлік еліміздің қарқынды дамуына, сол арқылы халықтың тұрмысы мен әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік беріп отыр. Ауданымызда да атқарылған ауқымды істер мен жүзеге асырылған жобалар баршылық. Оларда әрбір мойынқұмдық азаматтың еселі еңбегі, лайықты үлесі бар.

1990 жылдың 25 қазаны күні Қазақстанның егемендігі туралы Декларация қабылданды. Құжатта Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси - құқықтық негіздері жарияланып, Қазақстанның жеке территориясы, азаматтығы, халықаралық қатынастар дербестігі, мемлекеттік Рәміздері бекітілді. Республика күні біздің еліміздің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамдарымыздың жарқын символы! Осылайша, 2022 жылғы қыркүйектегі ҚР Парламенті қабылдаған заңға сәйкес, «25 қазан - Республика күні» ұлттық мерекесі болып қайта белгіленді. Бұл мереке Қазақстан тарихында ерекше маңызға ие айтулы мереке болып қала бермек.

Мерейлі мереке сәтінде сіздерге еселі еңбектеріңіз үшін ризашылығымды білдіре отырып, отбасыларыңызға амандық пен бақ-береке, кемел келешек жолындағы қызметтеріңізге табыс тілеймін.

Мемлекетіміздің мерейі үстем, еліміздің егемендігі баянды болсын!

Жамбыл ҚАЛЫБАЕВ,
ауданның Құрметті азаматы.

САЯСИ МЕЙРАМ

Тәуелсіз мемлекеттің барлық тыныс-тіршілігін, оның мемлекеттік құрылымын әлеуметтік, экономикалық дамуы мен саяси жүйесін қалыптастырып, оны нығайтуға атсалысқан, қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған заңдардың қабылдануы да осы заң шығарушы орган – Парламенттің үлесіне тиесілі.

Осы жолда депутаттар құрамы, яғни жалпы Парламент – парламентаризмнің қалыптасу, даму кезеңдерін басынан өткерді. Парламентаризм, президенттік, сот билігі, одан да басқа қоғамдық қатынастарды реттейтін көптеген институттардың пайда болуы Кеңестер Одағы кезеңінен бастау алады деп келте жауап қайтаратындардың кездесіп қалатыны жасырын емес. Ал шындығына келетін болсақ, қазақ қоғамында да дала демократиясының ертеден бастау алатынын, ондағы мемлекетті құру, қалыптастыру, даму институттарының сол қоғамға, сол кезеңдерге сәйкес болғандығы туралы көп айтыла бермейді. Қазіргі уақыттағы шынайы демократия элементтерінің бірі болып саналатын президенттік институттың көрінісін қазақ қоғамындағы хандық биліктен көруімізге болады.

Республика күні, 25 қазанда Қазақстанның мұқым халқының достығы, төзімділігі, жеткен жетістігі, ұлттық стратегиялық мүддесі мейлінше насихатталып, патриоттық, бүгінгі Қазақстан патриоттығын айқындайтын факторлар әлемге паш етілуі тиіс деп ойлаймын.

Тәуелсіздік декларациясын жарияладық, Конституциямызды қабылдадық, ұлттық стратегиялық мүдделерімізді анықтадық. Сондықтан бұл құжаттың маңызын кетіруге болмайды. Оны бірінші кезекке қоюымыз керек. Бұл күн тәуелсіздігіміздің күні болуы тиіс. Нақтырақ айтқанда, 25 қазан Тәуелсіз Республика декларациясы қабылданған мейрам күні болуы керек.

Ал Республика күнін тойлау мәселесіне келер болсақ, бұл саяси мейрам ғой. Сондықтан осы күні Қазақстан елі, жері, рәміздері, Президент жайлы, президенттік басқару туралы қысқаша деректер БАҚ арқылы беріліп жатуы керек. Ірі тұлғалар, қоғам қайраткерлері қалың бұқараға тәуелсіздіктің мәнісін, осы ұғымды тереңнен тарихи тұрғыда талдап беруі қажет. Патриоттық шаралар – әскеріміз, Қарулы күштер жайлы мәлімет-термен халық кеңінен таныс бола алуы керек. Ал кешке эстрада адам-дарының концерті берілуі тиіс. Онда да Қазақстан аспанында біздің менталитетімізге жақын, жүрегімізді тербетіп, жылу беретін әнәуездер қалықтаса деп тілеймін.

Г. РАХИМОВА,
аудандық сот әкімшісінің басшысы.

МӘҢГІЛІК ЖАСА, ҚЫРАН ЕЛІМ ҚАЗАҚСТАН

Өткен аптада 25 қазан Республика күніне орай Ж.Қуанышбаев атындағы аудандық музейде «Мәңгілік жаса, қыран елім Қазақстаным» атты тақырыпта кеш өтті. Кешке музей, кітапхана қызметкерлері, аудандық архив мамандары мен Т.Рысқұлов атындағы тірек мектебінің ұстаздары, оқушылары қатысты.

Кешті Т.Рысқұлов атындағы тірек мектебінің мұғалімі А.Бекниязова ашып жүргізді.

-1990 жылы қазан айының 25 күні Қазақ ССР Жоғарғы кеңесінің шешімімен «Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды. Сол сәттен бастап-ақ егеменді Қазақстан өзіндік көзқарасы бар жеке мемлекет ретінде таныла бастады. Бұл декларацияның қабылдануымен егемендігін мәлім ететін жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынастардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздері бекітілді. Еліміздің егемендігі және территориясының тұтастығы саяси, құқықтық және экономикалық тұрғыдан дәйектелді. Осы кезден бастап декларациялық қоғам құру мақсатында ел ішіндегі қоғамдық-саяси құрылымға өзгеріс енгізіле бастады. Бұл акт арқылы әлем картасындағы жаңа мемлекет – Қазақстан Республикасының негізі қаланды. 2021 жылы 13 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заң бойынша бұл күн мерекелік мерекелер қатарына қосылды. Өткен жылы Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін берді,–деді ол.

Кеш барысында Т.Рысқұлов тірек мектебінің оқушылары Ділдахан, Нұрсейіт, Ерлан, Жанасыл, Айбек, Сезім, Дарын тәуелсіздік жайлы қазақ ақындарының өлеңдерін мәнерлеп оқыса, биші оқушы қыздар «Қара жорға» биін биледі.

Ал аталған мектептің оқушысы Жұмағали Жансерік «Жаса Қазақстан» әнін тамылжыта орындады. Тәуелсіздікті бейнелеген оқушылар салған сурет көрмесі ұйымдастырылды.

Аудандық музейдің қор сақтаушысы Мәдина Қорғанбекова Т.Рысқұлов тірек мектебінің ұстазы А.Бекниязоваға Алғыс хат, оқушыларға естелік сыйлық тапсырды.

Кеш соңында кешке қатысушылар «Көк тудың желбірегені» әнін хормен шырқады.

Жолдыбай ДӘМЕТОВ,
«Мойынқұм таңы».
Суретті түсірген автор.

25 ҚАЗАН - РЕСПУБЛИКА КҮНІ: ТАРИХ ҺӘМ ДЕРЕК

РЕСПУБЛИКА КҮНІ ЖАЙЛЫ НЕНІ БІЛУ ҚАЖЕТ?

Биыл 25 қазанда Республика күні елімізде ұлттық мереке ретінде екінші рет аталып өтеді. Былтыр 29 қыркүйекте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне кинематография мәдениет және мерекелер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойған еді. Аталған заңға сәйкес 25 қазан ұлттық мереке – Республика күні болып белгіленді.

Республика күні 2001 жылдан бастап ұлттық мерекелер тізімінде болған. Бірақ 2009 жылы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен алынып тасталған болатын. Ал 2022 жылы маусым айында Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтай отырысында Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынды.

«Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан, қазанның 25-і күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек», – деді Мемлекет басшысы.

1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның Мемлекеттік Егемендігі туралы Декларация қабылданып, еліміз тәуелсіздік алуға алғашқы қадамын жасады. Осы ретте Мемлекет басшысы да Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек екенін айтқан болатын.

«Әрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ, тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек», – деген еді Президент.

Мемлекеттік егемендік туралы Декларация

Мемлекеттік егемендік туралы Декларация 1990 жылы 25 қазанда Жоғарғы Кеңестің қаулысымен қабылданды. Онда Қаз КСР егемендігі жарияланып, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері бекітілді. Сондай-ақ алғаш рет ел аумағының тұтастығы, оған қол сұғылмайтындығы, қазақ халқының және Қазақстандағы басқа да этнос өкілдерінің төл мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту, ұлттық қадір-қасиетті нығайту сияқты мемлекеттік қағидаттар бекітілді. Құжатта саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді өз бетінше шешу принципі де жарияланды. Қаз КСР-і өзінің ішкі әскерлерін, мемлекеттік қауіпсіздік және ішкі істер органдарын құру құқығын алды. Ал Президент мемлекет басшысы, әкімшілік-атқарушы жоғарғы биліктің басшысы болып танылды.

Осы декларацияның арқасында біз кеңестік заңдарды қолданудан бас тартып, өз Ата заңымызды құруға қадам бастық. Сондықтан осы қағидаттардың негізінде кейінірек – 1991 жылғы 16 желтоқсанда – «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданды.

Республика күнін тойлау неліктен алынып тасталды?

Сарапшылардың пікірінше, Егемендік туралы декларацияда Қазақстанның емес, Қаз КСР-інің егемендігі жарияланды. Декларацияға сәйкес адамдарда КСРО азаматтығын сақтап қалу құқығы болды. Сонымен қатар ол Қазақстанның халықаралық қатынастардағы дербестігіне кепілдік бере алмады. Яғни, мемлекет КСРО-дан шығуға құқылы болғанымен, іс жүзінде оның құрамында болды.

«Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» заң қабылданғаннан кейін ғана Қазақстан әлемдік қоғамдастық мойындаған тәуелсіз мемлекеттің заңды рәсімделген мәртебеге ие болды.

Ұлттық мерекенің мемлекетік мерекеден айырмашылығы қандай?

Республика күні мемлекеттік емес, ұлттық мереке санатына енді. Ұлттық мереке кезінде мемлекеттік органдарда міндетті түрде ресми іс-шаралар өткізіледі. Себебі олар ерекше тарихи маңызы бар және мемлекеттіліктің дамуына елеулі әсер еткен оқиғалар қатарына жатады. Ал Тәуелсіздік күні мемлекеттік мереке мәртебесіне ие болды. Бұл дегеніміз – қоғамдық-саяси маңызы бар оқиғаларға арналған күндер.

Қазақстандықтар Республика күніне орай қанша күн демалады?

25 қазан – Қазақстанда Республика күні. Мерекеге орай халық бір күн демалады. Биыл бұл мереке сәрсенбіге сәйкес келеді. Сондықтан бес күн және алты күн жұмыс істейтіндер де бір-ақ күн демалады. Демалыс басқа күндерге ауыстырылмайды.

Дария БЕРІККЫЗЫ.

ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

1990 жылы 25 қазанда қабылданған Қазақстанның Егемендігі туралы Декларация 1991 жылы Тәуелсіздік туын тік көтеруге сеп болғанын айта кеткеніміз абзал. Бұл арман болған тәуелсіздікке қарай жасалған алғашқы қадам болатын. Ел егемендігін алған соң, көрші мемлекеттер әсіресе, түрік халықтары Қазақстанның тәуелсіз ел болатынына сенім білдірді. Аталған декларация қабылданғаннан кейін қазақ даласының шекарасы белгіленді. Тек бұл ғана емес, декларация қабылданғаннан кейін мемлекеттік бюджет, халықаралық қатынастағы дербестік бекітілді. Қазақстанның егемендегі мен территориясының тұтастығы саяси, құқықтық және экономикалық тұрғыдан дәйектелді. Осы кезден бастап ел ішінде біраз өзгерістер орын алды. Қазір жоғымыз түгенделіп, өшкеніміз қайта жанып, салт-дәстүрлеріміз өзімізге оралып, тәуелсіздікке ие болған елміз.Ендігі кезекте әрқайсымыз «Мен – қазақпын» деп көк байрағымызды көтеріп тұрып, мақтанып айта алатын дәрежеге жеттік. Ұлттық мерекелердің де қатары толып, мемлекеттік рәміздеріміз, ұлттық құндылықтарымыз ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қалуда. Осының барлығын ескерген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жақында ғана 25 қазан – Республика күні мемлекет құру жолындағы тарихи қадамның символы болу керегін айтып, атаулы күнге ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынды. «Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек» деді.

Қ. ӘЛІМБЕТОВА,
Қ. Рысқұлбеков атындағы орта мектебінің мұғалімі.

ІС-ШАРА

ОТАНЫМНЫҢ СОЛДАТЫМЫН КЕШЕГІ

Өткен аптада аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімі мен Қазақстан Республикасының «Таулы Карабах ардагерлері мен мүгедектерінің республикалық одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Жамбыл облыстық филиалының ұйымдастыруымен аудандық мәдениет үйінде «Отанымның солдатымын кешегі» атты тақырыпта патриоттық іс-шара өтті. Оған осы аталған соғыс қимылдарына және ауған соғысына қатысушылар, ауыл тұрғындары қатысты. Азербайжан-армян арасындағы Таулы Карабах этносаралық қарулы қақтығыстар 1988-1992 жылдар аралығында болды. Осы соғысқа облысымыздан бірнеше жүздеген сарбаз қатысып, 4 сарбазымыз оққа ұшты. 5 сарбаз жарақат алды.

Жиында аудан әкімінің орынбасары Сәбит Төлегенов сөз алып, шараға қатысушыларға ізгі тілегін білдірді.

– Таулы Карабах этносаралық қарулы қақтығыстарға 15-ке жуық мойынқұмдықтар қатысты. Олар әскери борыштарын оқ пен оттың ортасында өткізді, азаматтық борыштарын адал атқарды. Аудан жастары мен келешек ұрпаққа аталған қарулы қақтығыстарға қатысқан ардагерлеріміздің майдандағы еңбектерін өшпес мұрадай сақтап, насихаттау біздің міндетіміз деп білемін. Арқа сүйер ер азаматтарымыздың Отанымызды қорғап, еліміздің бейбіт өміріне айтулы үлес қосқанын біз әрқашанда мақтан тұтамыз, - деді Сәбит Орынбетұлы.

Содан соң сөз алған ауған соғысы ардагерлері аудандық ұйымының төрағасы Нәметхан Меркібаев, аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің жұмылдыру жұмыстарын есепке алу және тағайындау жөніндегі инспекторы Гапал Әлімқұлов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жұманазар Көдеков, Чернобыль зардаптарына қатысушының жолдасы Сәулекүл Ақбасова, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысушы Нұржан Сәденов, аудандық мешіттің бас имамы Рысбай Еспенбетов, Жамбыл атындағы мектеп-гимназиясы алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің мұғалімі Сәкен Егембердиев, аудан әкімдігі мен ішкі саясат бөлімінің басшысы Жанар Несіпбаевалар өтіп жатқан шараның маңыздылығына тоқталды.

Жиынға қатысқан Қазақстан Республикасы «Таулы Қарабах ардагерлері мен мүгедектерінің Республикалық одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Жамбыл облысы филиалының төрағасы Дәурен Ізтілеуов қақтығысқа қатысқан азаматтарға мүшелік билет пен Алғыс хаттар тапсырып, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жұманазар Көдековтің иығына шапан жапты.

Басқосуда бірлестіктің аудандық ұйымы құрылып, төрағасы сайланды.

Іс-шарада аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары ән-мен жырдан шашу шашты. Басқосу қатысушылардың «Атамекен» әнін хормен шырқаумен аяқталды.

Жолдыбай ДӘМЕТОВ,
«Мойынқұм таңы».
Суретті түсірген автор.

БҮГІН – КІТАПХАНАШЫЛАР КҮНІ

МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ

Кітапхана - дүниеге ештеңе теңестірілмейтін білім бұлағының көзі, ғасырдан-ғасырға адамзат тарихының керуенін сүріндірмей әкеле жатқан шырағы биік, парасаттылық пен білімділіктің киелі ордасы.

Қызығы мен қиындығы мол кітапханашы мамандығы туралы бір-ақ ауыз сөзбен жеткізу мүмкін емес, жұрт көп біле бермейтін, көп елене бермейтін, бірақ оқырманның кітап жайлы бағыт-бағдар алуы үшін қызмет атқарып жатқан АОКЖ директоры Ғалия Шубаева, әріптестерімізді атап айтқанда, кітапхана әдіскері Сая Күлекеева, редактор Айман Байғожаева, кітапханашылар Айгүл Рысбекова, Фарида Төлегенова, Перизат Жүнісбекова, Нәзира Бекенова, Балалар және жасөспірімдер кітапханасының меңгерушісі Меруерт Сұлтанова және әдіскері Гүлмира Исаевалардың еңбектері ұшан-теңіз.

Кітапханашы қасиетті қазынамызды көздің қарашығындай сақтап, насихаттап, ел игілігіне жаратып, оқырмандарға қызмет атқарып келеді. Елімізде болып жатқан ұлы оқиғалар мен өзгерістерді кең көлемде насихаттап, білім мен мәдениет саласындағы мемлекеттік маңызы бар міндеттерді жүзеге асыру да шешуші қадамдарды ең алдымен кітапханашылар атқарады десек, мұнымыз артық айтқандық болмайды. Осы еңбектерінің арқасында әріптестерімнің жеткен жетістіктері аз емес.

Жас ұрпақтың бетін кітапқа бұрып, ықыласын кітапханаға аударатын түрлі іс-шаралар өткізіп, еңбекқор, табиғатынан зиялы, кез келген қиындыққа төтеп бере алатын әріптестерімнің игі істері мол.

Ендеше, білім бұлағының қайнар көзі - кітапханалар сарқылмай, кітапханашылар өрлеп, өркендей берсін.

24 - қазан кітапханашылар күні кітапханашы әріптестерімізге кәсіби шеберлік пен парасаттылық еңбектеріңізге шығармашылық табыс тілеймін!

Лаура БЕЙСЕНҚҰЛОВА,
аудандық орталық
кітапхананың библиографы.

КІТАПХАНАШЫ–МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

Адамзатты игілікке бастайтын, ақыл-ойдың тамыршысы кітапқа деген қоғамның құрметі әрқашан биік болмақ. Осы ретте рухани ордаға баланған кітапханалар мен олардың шырақшысына айналған кітапханашылардың рөлі басым. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кітапханалар мен кітапханашылардың жағдайына, заманауи сапасына, ақылды ұлт қалыптастыру жолындағы жоспарына ерекше маңыз қойып, тоқталып отыр.

Биыл екінші рет тойланып жатқан Кітапханашылар күні – осы салаға деген сындарлы істің нәтижесі. Бұл мерекелік дата кітапханалардың жұмысын жандандырып, сала мамандарының беделін арттыру мақсатында бекітілген еді.

Ұлттық құндылықтардың рухани қазынасы – кітапханалар, еліміз тәуелсіздік алған жылдардан кейін өз қызметінің мәнмаңызы жағынан ақпараттық қоғамда кез келген адам үздіксіз білім алатын, шығармашылық көзіне, барлық қызмет саласы мамандарының біліктілігін көтеруге дайындайтын, экономика мен бизнестің ақпараттық тірегіне, жаңашылдық бағыттағы дамудың жаңа белесіне көтерілді.

Бүгінгі таңда ауданымыздағы орталық кітапханалар жүйесі бойынша 20 кітапхана халыққа қызмет етеді. Кітапханалардың материалдық-техникалық базасы дамып келеді. Компьютер саны 80-ге жетті. Интернет жүйесіне 18 кітапхана қосылған.

8 кітапханада «Цифрландырылған ақпараттық орталық» ашылып, компьютер жабдықтары, қағаз кескіш құралы, проектор, аспалы тақта, теледидар, компьютерге арналған стөлдер, кітапханалық жиһаздармен жабдықталған. Сондай-ақ egov.kz, Facebook, instagram және тағы басқа сайттармен жұмыстар жүргізеді. Egov порталы арқылы 20 түрлі анықтамалар беріледі.

Астана қаласындағы Ұлттық Ғылыми кітапханасында биназарлық ақын-сазгер Болатбек Әбішевтің шығармашылығына арналған «Мойынқұм деп жыр жазамын» атты құрмет сағаты өтті.

Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен Ш.Уәлиханов атындағы Жамбыл облыстық әмбебап - ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен «Кітапханашы - XXI ғасыр мамандығы» атты ауыл кітапханашылары арасында «Жыл маманы-2022» облыстық байқауы өткен болатын. Осы байқауға Бірлік ауылдық кітапханасының меңгерушісі Н.Мұрсалы қатысып, «Шебер кітапханашы» сертификатымен марапатталды.

Аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры Ғалия Шубаева VIII шақырылған аудандық мәслихатының депутаты болып сайланды. «Қазақстанның Құрметті кітапханашысы», «Кітапхана ісінің шебері» медальдарының иегері, Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлованың «Құрмет грамотасымен» марапатталса, кітапханалар жүйесінің әдіскері Сая Күлекеева Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлованың Алғыс хатына ие болды. Ал Хантау ауылдық кітапхана меңгерушісі Қанат Туешиева, Биназар ауылдық кітапхана меңгерушісі Дамира Әбдірахмановалар «Ауданға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды.

Бүкіл ұжымның жемісті еңбегінің арқасында кітапхана жетістігі көп. Кітапхана кешенінде 28 маман қызмет етуде. Оның ішінде жоғары білім иегерлері - 18, 10 - ы арнаулы орта білімнің иегерлері болып табылады. Ұзақ жылдар бойы аудан кітапханаларының дамуына өзіндік үлесін қосып, 35 жыл бойы табысты еңбек етіп келе жатқан Мыңарал ауылының кітапханашысы Сандуғаш Сейсенбекова мен Мойынқұм ауылының кітапханашысы Айман Байғожаеваның еңбегін ерекше айтып өтуге болады.

Бүгінгі таңда ақпарат кеңістігі мен оның мүмкіндігі қандай шексіз болса, оған деген сұраныстың да еселей түскендігі белгілі. Кітапханашылардың басты міндеті - ақпараттық ресурстардың кең көлемде қолжетімді болуын қамтамасыз ету, кітапхананың қызмет сапасын көтеру, оқырман санын арттыру, кітап қорын жаңа басылымдармен толықтыру болып табылады.

Алуа ҮМБЕТҚҰЛОВА,
«Мойынқұм таңы».

ЖОБА

МОЙЫНҚҰМ АУДАНЫ БОЙЫНША ШЕТЕЛДІКТЕР ҮШІН 2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ТУРИСТІК ЖАРНАНЫҢ МӨЛШЕРЛЕМЕСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-10-тармағына, «Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 бұйрығына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының42-бабының 4-1-тармағына сәйкес Мойынқұм аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1.Хостелдерді, қонақжайларды, жалға берілетін тұрғын үйлерді қоспағанда, Мойынқұм ауданында туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемесі әр тәулік үшін айлық есептік көрсеткіштің 0,2 (нөл бүтін оннан екі) мөлшерінде бекітілсін.

2.Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мойынқұм аудандық
мәслихатының төрағасы

«Мойынқұм ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2024 жылға арналған туристік жарнаның мөлшерлемесін бекіту туралы» Мойынқұм аудандық мәслихаты шешімінің жобасына

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Түсіндірме жазбада көрсетілуге тиісті мәліметтер тізбесі	Мемлекеттік орган – әзірлеушінің ақпараты
Жобаны әзірлеуші мемлекеттік орган	«Мойынқұм ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Жобаны қабылдау қажеттілігінің негізі (нақты мақсаттары, себептері және акт неге байланысты қабылданды)	Мойынқұм ауданында шетелдіктер үшін 2024 жылға арналған туристік жарнаның мөлшерлемесін бекіту мақсатында
Нормативтік құқықтық актінің тиісті нормасына сүйене отырып, жобаны қабылдау қажеттілігі (мемлекеттік органның құзыреті)	«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-10-тармағы, «Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 бұйрығы, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 42-бабының 4-1-тармағы
Нақты мақсаттар мен күтілетін нәтижелердің мерзімі	Мойынқұм ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2024 жылға арналған туристерді орналастыру орындарындағы туристік жарна мөлшерлемесі айлық есептік көрсеткіштің 0,2 (нөл бүтін оннан екі) мөлшерінде қолданылатын болады
Жоба қабылданған жағдайда болжамдалатын әлеуметтік-экономикалық және/немесе құқықтық салдарлар	Осы шешімнің жобасын қабылдау әлеуметтік-экономикалық және/немесе құқықтық салдарларды болдырмайды
Жобаны іске асыруға байланысты болжанатын қаржылық шығындар	Қаржылық шығындар көзделмеген
Жобаны қабылдауға байланысты бұрын қабылданған актілерді жобаға сәйкес келтіру (өзгерістер/толықтырулар немесе жою/күші жойылды деп танудың) қажеттілігі туралы мәліметтер	Жоқ
Бұл мәселе бойынша бұрын қабылданған актілер және олардың орындалуы туралы мәліметтер	Жоқ
Басқа актілерді жобаға сәйкес келтірудің қажеттілігі	Жоқ
Өзге де мәліметтер	Жоқ

ПРОЕКТ

ОБ УТВЕРЖДЕНИИ СТАВКИ ТУРИСТСКОГО ВЗНОСА ДЛЯ ИНОСТРАНЦЕВ ПО МОЙЫНКУМСКОМУ РАЙОНУ НА 2024 ГОД

В соответствии с пунктом 2-10 статьи 6 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», приказом министра культуры и спорта Республики Казахстан от 14 июля 2023 года № 181 «Об утверждении правил уплаты туристского взноса для иностранцев», пунктом 4-1 статьи 42 Закона Республики Казахстан «О правовых актах» Мойынкумский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1.Утвердить ставку туристского взноса для иностранцев в местах размещения туристов в Мойынкумском районе в размере 0,2 (ноль целых два десятых) месячного расчетного показателя за каждые сутки, за исключением хостелов, гостевых домов, арендного жилья.

2.Настоящее решение вводится в действие по истечении шестидесяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Председатель Мойынкумского
районного маслихата

ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

к проекту решения Мойынкумского районного маслихата «Об утверждении ставки туристского взноса для иностранцев по Мойынкумскому району на 2024 год»

Перечень сведений, которые должны быть отражены в пояснительной записке	Информация государственного органа разработчика
Государственный орган-разработчик проекта	КГУ «Отдел предпринимательства и промышленности акимата Мойынкумского района Жамбылской области»
Основание необходимости принятия проекта (конкретные цели, причины и в связи с чем принят акт)	В целях утверждения ставки туристского взноса для иностранцев на 2024 год в Мойынкумском районе
Необходимость принятия проекта исходя из соответствующей нормы нормативного правового акта (компетенция государственного органа)	Пункт 2-10 статьи 6 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», приказ министра культуры и спорта Республики Казахстан от 14 июля 2023 года №181 «Об утверждении правил уплаты туристского взноса для иностранцев», пункт 4-1 статьи 42 Закона Республики Казахстан «О правовых актах»
Конкретные цели и сроки ожидаемых результатов	Для иностранцев по Мойынкумскому району ставка туристского взноса в местах размещения туристов на 2024 год будет применяться в размере 0,2 (ноль целых два десятых) месячного расчетного показателя
Предполагаемые социально-экономические и/или правовые последствия в случае принятия проекта	Принятие данного проекта решения исключает социально-экономические и / или правовые последствия
Предполагаемые финансовые затраты, связанные с реализацией проекта	Финансовые затраты не предусмотрены
Сведения о необходимости приведения (изменений/дополнений или отмены/признания утратившими силу) ранее принятых актов в связи с принятием проекта в соответствие с проектом	Нет
Акты, принятые ранее по данному вопросу, и сведения об их исполнении	Нет
Необходимость приведения других актов в соответствие с проектом	Нет
Другие сведения	Нет

МӨҢКЕ БИ

(1675-1756)

Қазақ жерінің амандығы мен тұтастығын сақтау үшін қан төгіп, жан беріп күрескен асыл перзенттерінің бірі,пәм бірегейі, әрі батыр, әрі би Шекті Тілеу батыр Айтұлы еді. Тілеу батырдың ұрпақтары арасында есімі алты алашқа белгілі Мөңке би. Ол алдағы 300 жылын болжай алатын ойшыл философ, Әбілқайыр, Нұралы хандардың кеңесшісі (абызы) әрі биі болған.

Мөңке би артында мол мұра қалдырған тарихи тұлға. Төменде Мөңке бидің елдің болашағын болжап жазған толғауымен танысуға болады.

Азарсың жұртым, азарсың,
Азарыңның белгісі.
Құрамалы қорғанды үйің болады,
Айнымалы төкпелі биің болады.
Халыққа көк тиын пайдасы жоқ,
Ай сайын басқосқан жиын болады.

Түймедей,түймедей дәрің болады,
Ешкімге сөзі өтпейтін кәрің болады.
Ішкенің сары су болады,
Берсең итің ішпейді.

Бірақ адам оған құмар болады,
Ат жақсысы арбада болар.
Жігіт жақсысы саудада болар,
Көлдің суы бітіп,табаны қалар.

Азарсың жұртым, азарсың,
Азарыңның белгісі.

Аттың жүйрігі кетіп, шабаны қалар,
Жақсының атағы кетіп, азабы қалар.
Сөздің маңызы кетіп, самалы қалар,
Ақылы жоқ, санасыздың заманы болар.

Алашұбар тілің болады,
Дүдамалдау дінің болады.
Әйелің базаршы болады,
Еркегің қазаншы болады.

Алһам білгенін молда дейді,
Бір-біріне қарыз бермейді.
Шақырмаса, көрші-көршіге кірмейді,
Ертеңіңе сенбейтін күнің болады.

Қабылан КӨРПЕБАЕВ,
еңбек ардагері.

СПОРТ

АҚБАҚАЙЛЫҚ ВОЛЕЙБОЛШЫЛАРДЫҢ МЕРЕЙІ ҮСТЕМ БОЛДЫ

Осы аптада аудан орталығындағы спорт кешені мен М.Жұмабаев атындағы мектеп-лицейінде аудан әкімінің ауыспалы кубогы үшін волейболдан аудандық жарыс өтті. Оған 11 команда қатысты. Жарыстың ашылу сәтінде аудан әкімінің орынбасары Жақсыбек Исақов сөз сөйлеп, спорттық додаға қатысып отырған командаларға сәттілік тіледі.

-Ауданда биылғы жылы дене тәрбиесі мен спорттың бұқаралығын арттыруға, жалпы спорттық деңгейін көтеруге бағытталған көптеген спорттық іс-шаралар жүзеге асырылуда. Жыл басынан бері 109 спорттық іс-шаралар өткізіліп, оларға 8300-ге жуық адам қатысты. Біз өз тарапымыздан спортқа қызығушылықты ояту, ауылдарда спорттың дамуына қозғау салу, азаматтарды спортпен шұғылдануға көптеп тарту мақсатында соңғы жылдары аудандық, облыстық деңгейдегі спорттық жарыстарды елді мекендерде көптеп өткізуге күш салып отырмыз. Ауданда 5 жылда 22 заманауи спорт алаңшалары ашылды. Б.Момышұлы атындағы орталық стадионға қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

Ағымдағы жылы Ұланбел, Мыңарал ауылдарында жасанды төсенші бар кіші футбол алаңшалары, стритворкаут пен балалар ойын алаңдары салынды.

Жыл соңына дейін Сарыөзек, А.Назарбеков және Ақбақай ауылдарына кіші футбол және стритворкаут алаңшалары салынса, Айдарлы ауылында дене шынықтыру және сауықтыру спорт кешені пайдалануға берілетін болады,- деді Жақсыбек Исақов.

Тартысты өткен спорт бәсекесінде ақбақайлық волейболшылар бірінші орынды алса, екінші, үшінші орындарға Қарабөгет, Құмөзек ауылдарының волейболшылары ие болды. Аса тартысты өткен волейболшылар бәсекесінде ерекше ойын өрнегін көрсеткен жүлдегерлерге «Нығмет нұры» қоғамдық бірлестігі дайындаған кубок, медальдар мен ақшалай сыйлықтар тапсырылды.

Жолдыбай ДӘМЕТОВ,
«Мойынқұм таңы».
Суреттерді түсірген автор.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Разведка и добыча QazaqGaz» ЖШС-і Анабай кен орнында арналған келесі жобаларды түзету бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізетіндігі туралы хабарлайды:

1) «Анабай кен орнында тереңдігі 3500± 250 м пайдалану ұңғымаларын бұрғылауға арналған топтық техникалық жобаға толықтыруға» қоршаған ортаны қорғау бөлімі;

2) «Анабай кен орнында тереңдігі 2700± 250 м пайдалану ұңғымаларын бұрғылауға арналған топтық техникалық жобаға толықтыруға» қоршаған ортаны қорғау бөлімі;

3) «Анабай кен орнының 5 пайдалану ұңғымаларын жайластыру (ұңғымалар 4, 17, 18, 19, 2);

4)Атмосфераға ластаушы заттардың 2024-2031 жылдарға арналған жобалары (Рұқсат етілген шығарындылар нормативтері)» (түзету).

Өткізілетін күні мен уақыты: 2023 жылдың 30-ы қараша, сағат 15.00-де.

Қоғамдық тыңдаулардың өткізілетін жері: Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Ұланбел а.о., Ұланбел ауылы, С.Сейфуллин,4 көшесі, Ауылдық клуб.

Жоба тапсырушы: «Разведка и добыча QazaqGaz» ЖШС , БСН 050840002757, телефон +7705 137 6286 - Кужумов С.

Жобаны әзірлеуші: «Оптимум» жобалау институты» ЖШС, БСН 000740000123, телефон +7747 841 0946 – Құрмантаева А.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталында https://ecoportal.kz/Public/PubHearings, сондай-ақ ЖАО Жамбыл облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=kk. танысуға болады.

Барлық ескертулер және (немесе) ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ s.agabek@zhambyl.gov.kz поштасына қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме:

Конференция https://us04web.zoom.us/j/76183032583?pwd=ZZbCfadsZVF0bKn0i53lfYlQpCa7gK.1

Конференция идентификаторы: 761 8303 2583

Кіру коды: fuCZ1J

ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ ОБЩЕСТВЕННЫХ СЛУШАНИЙ

ТОО «Разведка и добыча QazaqGaz» объявляет о проведении общественных слушаний в виде открытого собрания по корректировке следующих проектов на месторождении Анабай:

1) Раздел охраны окружающей среды к «Дополнению к групповому техническому проекту на бурение эксплуатационных скважин глубиной 3500± 250 м на месторождении Анабай»;

2) Раздел охраны окружающей среды к «Дополнению к групповому техническому проекту на бурение эксплуатационных скважин глубиной 2700± 250 м на месторождении Анабай»;

3) Обустройство 5-и эксплуатационных скважин месторождения Анабай (скважины 4, 17, 18, 19, 20);

4) Проекты (НДВ) загрязняющих веществ в атмосферу на 2024-2031 гг. (корректировка).

Дата и время проведения: 30 ноября 2023 года в 15.00 часов.

Место проведения общественных слушаний: Жамбылская область, Мойынкумский район, Уланбель с. о., село Уланбел, ул. С. Сейфуллина, 4, сельский клуб.

Инициатор, намечаемый деятельности Заказчик проекта: ТОО» Разведка и добыча QazaqGaz», БИН 050840002757, телефон +7705 137 6286 - Кужумов С.

Разработчик проекта: ТОО «проектный институт «Оптимум», БИН 000740000123, телефон +7747 841 0946 – Курмантаева А.

На едином экологическом портале с пакетом проектной документации https://ecoportal.kz/Public/PubHearings, а также на сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Жамбылской области https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=kk. можно познакомиться.

Все замечания и (или) предложения размещены на едином экологическом портале, а также s.agabek@zhambyl.gov.kz на почту принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайные ситуации социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн режиме. Активная ссылка:

Конференция https://us04web.zoom.us/j/76183032583?pwd=ZZbCfadsZVF0bKn0i53lfYlQpCa7gK.1

Идентификатор конференции: 761 8303 2583

Код доступа: fuCZ1J

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Құлан-Көмір» ЖШС «Құлан көмір кен орнының №1 учаскесінің «Құлан-Көмір» ЖШС үшін ықтимал әсерлері туралы есеп» Жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2023 жылғы 04 желтоқсанда сағат 11:00-де Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Мирный а. о., Мирный а., Абылай хан көш., 7 (әкімдік ғимараты) мекенжайы бойынша өтеді.

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме: https://us04web.zoom.us/j/75988535366?pwd=f2MlKUxjjGGjav7JbrhLSkoiItLHR1.1. Конференция идентификаторы: 759 8853 5366. Пароль: 2B05r6.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Құлан-Көмір» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Қазыбек би атындағы ауданы, Молоков көш., 100/10. БСН: 060840006761. Директоры: Құлжақаев Н. Б. Байланыстар: тел. 8 (7212) 98-07-15, 8 (7212) 98-07-17, e-mail: kulan_komir@mail.ru.

Әзерлеуші: «Сарыарқа экология» ЖШС, Қарағанды қ., Қазыбек би атындағы ауданы, Әлиханов көшесі, 14Б. БСН: 150640024474. Өкілі: Обжорина Т.Н. Байланыстар: тел. 8 (776) 526-31-31, e-mail: tanya_ob80@mail.ru.

Қоғамдық тыңдаулардың материалдарымен https://ecoportal.kz сайттарда «Жарияланған тыңдаулар» бөлімінде және https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=ru «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Жобалық материалдар бойынша қосымша ақпаратты 8 (776) 526-31-31 телефондары арқылы сұрауға болады, e-mail: tanya_ob80@mail.ru.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу Басқармасы» КММ келесі мекенжайлар бойынша қабылдайды: s.agabek@zhambyl.gov.kz және Тараз қ., Абай даңғылы, 133А. Байланыстар: 8 (7262) 45-13-39, 8 (7262) 45-45-78.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Құлан-Көмір» объявляет о проведении общественных слушаний по Проекту «Отчет о возможных воздействиях для ТОО «Құлан-Көмір» участка №1 Куланского месторождения каменного угля».

Общественные слушания состоятся: 04 декабря 2023 года в 11:00, по адресу: Жамбылская область, Мойынкумский район, Мирненская с.о., с. Мирный, ул. Абылай хана, 7 (Здание акимата).

Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom: https://us04web.zoom.us/j/75988535366?pwd=f2MlKUxjjGGjav7JbrhLSkoiItLHR1.1.Идентификатор конференции: 759 8853 5366. Пароль: 2B05r6.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Құлан-Көмір», Республика Казахстан, Карагандинская область, г. Караганда, район им. Казыбек би, ул. Молокова, 100/10. БИН: 060840006761. Директор: Кульжакаев Н. Б. Контакты: тел. 8 (7212) 98-07-15, 8 (7212) 98-07-17, e-mail: kulan_komir@mail.ru.

Разработчик: ТОО «Сарыарка экология», г. Караганда, район им. Казыбек би, улица Алиханова, 14Б. БИН: 150640024474. Представитель: Обжорина Т.Н. Контакты: тел. 8 (776) 526-31-31, e-mail: tanya_ob80@mail.ru.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте https://ecoportal.kz в разделе «Опубликованные слушания» и https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=ru в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию по проектным материалам можно запросить по тел. 8 (776) 526-31-31, e-mail: tanya_ob80@mail.ru.

Замечания и предложения принимает КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Жамбылской области» по адресам: s.agabek@zhambyl.gov.kz и г. Тараз, проспект Абая, 133А. Контакты: 8(7262) 45-13-39, 8 (7262) 45-45-78.



Описторхоз - бұл адамның ұйқы безін, өт жолдарын және бауырын зақымдайтын табиғи ошақтық, құрт ауруы. Паразит адам ағзасында ондағанжылдар бойы өмір сүреді. Ұзақ уақыт адам ағзасында паразиттік өмір сүретін описторхтар бауыр обырын тудыруы мүмкін. Ауру қоздырғышы үлкендігі 1 см болатын описторх құрты немесе сібір сорғышы, оның жұмыртқасы мен баланқұрты (личинкасы) қоршаған ортаға төзімді келеді. Топырақ үстінде құрт жұмыртқалары 10 күнге дейін, ал су айдындарында 2 жылға дейін сақталады., баланқұрттар -12о 1 айға дейін, балықтағы тұздың мөлшері 10 % болғанда 37 күнге дейін сақталады. Балықты ыстықтай қақтаубалаң құрттарды жойып жібереді., ал суықтай қақтау олардың өмір сүруіне әсер етпейді. Описторхозбен балықшылар, су көлігінің жұмысшылары және өзен жағалауы тұрғындары жиі ауырады. Ауру жаз күз мезгілдерінде жұғады. Адам ағзасына паразиттің балаң құрттары шикі немесе жеткіліксіз қақталған, сүрленген, пісірілген, қуырылған тұқы, (карп) тұқымдастарына жататын балықтарды жегенде түседі. Адам ағзасында 1 айдан кейін писторхистың балаң құрттары ересек құртқа айналып, қоршаған ортаға жұмыртқа бөле бастайды. Адамның нәжісі арқылы паразиттің жұмыртқалары қоршаған ортаға таралады. Топырақтан жауын суымен суайдындарына түседі. Құрттың жұмыртқалары алдымен судағы моллюскаларда өсіп, дамиды да кішкене баланқұрттар пайда болады., олар тұқы (карп) тұқымдастарына жататын балықтардың ағзасына түсіп, ересек балаң құрттарға айналады. Описторхоз ауруының алдыналу жолдары:

1.Шикі және жеткілікті тұздалмаған, пісірілмеген тұқы (карп) тұқымдастырына жататын балықтарды жеуге болмайды;

2.Описторхистің баланқұрттарынан балықты зарарсыздандыру келесі тәсілдер арқылы жүргізіледі:

-мұздату тәсілі -18°С температурада 14 тәулік бойы;

-балық котлеттерін және кішкене тілімдерге бөлінген балықтарды 20 минут бойы қуыру керек. Балық қосылған пирогты45-60 минут пісіру қажет;

-балықты кішкене тілімдерге бөліп, қайнаған соң 20 минут, ал балық тұшпараларын қайнаған соң 10 минут пісіру керек;

А. ЕЛЕУОВА,
аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

«Мойынқұм таңы» газеті редакциясының ұжымы бас редактор Ерғабылұлы Елдосқа ағасы

ЖҮГІБАЕВ Тұрсынғабыл Тілеуғабылұлының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

МОЙЫНҚҰМ ТАҢЫ

Бас директор - Олжас ИЕНБЕРГЕН
Бас редактор - Елдос ЕРҒАБЫЛҰЛЫ

МЕНШІК ИЕСІ:
"Мойынқұм аудандық "Мойынқұм таңы" газетінің редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Мойынқұм ауылы, Амангелді көшесі №68 "г"

ТЕЛЕФОНДАР:
Бас редактор 2-49-30 /факс/
Бас редактордың орынбасары 2-49-11
Тілші 2-14-06

Газет аптасына 2 рет сейсенбі, жұма күндері шығады. Редакция автордың көзқарасы мен жарнама мазмұны үшін жауап бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап қайтарылмайды. Газет «Қанатты қалам әлемі» ЖШС баспаханасында басылды.
Мекен-жайы: Тараз қаласы, Төле би 36 Б.
Есеп шот: KZ65601A161000012151, АҚ "Halyk Bank"

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №12952-Г куәлік берілген (02.08.2012ж. Астана қаласы)

moinkum-tani.kz moinkum_tani@mail.ru Кезекшілер: А.Үмбетқұлова, Г. Наурызбаева. Корректор: А. Әлімбетова. Таралымы 2100 Тапсырыс №688